Жарым Жайнагүл Тілеукенқызы медициналық қызметкер. Ол осы Астана қаласында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің госпиталінде аға медқызметкер болып жұмыс жасайды. Екі ер баланы тәрбиелеп отырмыз, тұңғышымның есімі – Арсен 2007 жылы туылған және Рауан атты 8 жаста баламыз бар. Екеуі де Астана қаласындағы №2 мектеп-гимназиясында оқиды. Балаларыммен бірге балық аулауға барғанды ұнатамыз. Төрт жасынан бастап, балық аулауға ертіп жүремін, бірге сөйлесіп, демалып, болашаққа жоспар құрамыз. Үлкен балам Ақтөбе қаласындағы Т. Бигелдинов атындағы Әскери-авиациялық училищесіне оқуға түсуді армандайды. Рауан футбол ойнағанды қатты ұнатады, ал Арсен робототехникамен айналысады. Баланың иммунитетінің жоғары болып, денінің сау болуы үшін спортпен айналысуына көп көңіл бөлу қажет. Себебі, спорт – денсаулық кепілі. Мен жеке құрамға да үнемі спортпен шұғылдану қажет деп айтып отырамын.

Байқасаңыз, Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығында ұйымдастырылатын спорттық шараларда біздің басқарма алдыңғы қатардан орын алып жатады. Бұл да біздің спортқа деген сүйіспеншілігіміз. Сол себепті жаныңыз бен тәніңіз сымбатты, сау болсын десеңіздер – үнемі спортпен шұғылдану қажет.

***– Сұхбатыңызға рахмет, подполковник мырза! Алдағы қызметіңізге табыс пен жеміс тілейміз!***

**Лейтенант**
**Құралай ЖҰМАҚЫЗЫ**



# ТАПСЫРМА ОРЫНДАЛДЫ - ЖҮК ЖЕТКІЗІЛДІ

**ҚР Ұлттық ұланының бортымен Ауғанстанға гуманитарлық көмек сәтті жеткізілді. Естеріңізге сала кетейік, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақстандық әскерилер мен құтқарушыларға Ауғанстан Ислам Әмірлігіндегі жойқын жер сілкінісінің салдарын жоюға көмек көрсетуді тапсырған еді.**




8 офицер мен сержанттан тұратын Y8F200w экипажы әуе кеңістігінде 1300 км ұшып өтіп, Герат провинциясына медициналық бұйымдар мен дәрі-дәрмек аппараттары, сондай-ақ шатырлар түріндегі гуманитарлық жүкті жеткізді.

Герат провинциясының билігі қазақстандық ұландықтарға гуманитарлық жүктерді жедел жеткізгені және ауған халқына қиын уақытта қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірді.

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа және қазақ еліне апаттан зардап шеккен ауған халқына көмек көрсеткендері үшін алғыс айтамын. Гуманитарлық көмек, сонымен қатар, Өзбекстан, Араб Әмірліктері мен Түркия Республикасынан да келді, – деді Ауған халқының атынан Абдул Сатар.

**ҚР Ұлттық ұланының баспасөз қызметі**



# Қыран болмысты Құрманғали

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жедел елордалық құрамаға барған алғашқы сапарында Ұлттық ұланды нағыз ерлік пен патриотизм мектебі деп атаған болатын. Мемлекет басшысы бұл сөзді бекер айтқан жоқ. Осы уақытқа дейін 270 әскери қызметші көрсеткен ерліктері мен жанқиярлығы, Отанға деген риясыз адалдығы үшін мемлекеттік наградалармен марапатталған болатын.**



Жауынгерлік дәстүр өз жалғасын тауып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сирия Араб Республикасы мен Түркия Республикасына гуманитарлық көмек көрсету туралы тапсырмасын орындау мақсатында Ұлттық ұлан авиациясы 2023 жылғы 10-26 ақпан аралығында гуманитарлық жүктерді жеткізу бойынша әуеге көтерілді.

Ұлттық ұланның әуе кемесі зілзала болған орынға барып, жергілікті тұрғындарға көмек қолын созды. 3656 әскери бөлімінің авиациялық жасақ кемесінің командирі майор Құрманғали Топанов бастаған ұшқыштар құрамы түн ішінде әуе кемесін қондырып, ұшыру арқылы көзсіз ерлікке барды.

Мұның бұл ерліктері басшылық тарапынан ескерусіз қалмады. Әскери және қызметтік борышын үлгілі орындағаны, сондай-ақ гуманитарлық көмекті жеткізу жөніндегі арнайы міндеттерді орындау кезінде көрсеткен кәсібилігі үшін ҚР Президентінің 2023 жылғы 24 ақпандағы № 131 Жарлығымен ҚР Ұлттық ұланының 3656 әскери бөлімінің авиациялық жасағы кемесінің командирі майор Құрманғали Топанов ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

Ұландық ұшқыш майор Құрманғали Топановты бірі білсе, енді бірі білмес. Сондықтан ұландық қаһармандардың қатарын жаңа толтырған қыран болмысты Құрманғалиды сөзге тартып, аз-кем ойымен бөлістік.

Бала Құрманғали Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Жолдыбай ауылында дүниеге келген. Балалық бал дәурен шағы әкесі Сатыбай Топаұлы мен анасы Жәмилә Төлеуханқызының қолында өтті. Үш ағайынды болып өсті. Құрманғали балалардың үлкені, артынан бір інісі мен қарындасы еді.

Ата-анасының тұла бойы тұңғышы ретінде жауапкершілігі мол бала болып өсті. Әкесі инженер-механик, анасы бухгалтер ретінде күні бойы жұмыста. Құрманғали артынан ерген іні-қарындастарына бас-көз болып өсті. Мектепті аяқтағанда өзі армандаған ұшқыш мамандығына түсуге бел буады. Әкесі Сатыбай ақсақал бірден қолдау көрсетсе, анасы дәрігер мамандығын ұсынып көрген болатын. Алайда, кейіпкеріміз ол ойға үзілді-кесілді қарсы болып, өзінің ұшқыш мамандығына түсетінін айтыпты. Сонымен тағдырдың жазуымен Ақтөбе қаласындағы Талғат Бигелдинов атындағы Жоғары әскери авиациялық училищеге оқуға түседі. Атақты ұшқыш Талғат Бигелдинов Құрманғали Сатайұлының өмірінде үлкен орын алған. Батыр бабаның ерліктері оны көкке көтерілетін әскери ұшқыш болуға ынталандырды.

– Ақтөбе облысының ауа райы техниканың жоғары көтерілуіне қолайлы. Кезінде ғалымдар әдейі осы өңірді таңдапты. Себебі жыл бойында аспан ашық. Біздің курсанттық кезіміз осы өңірде өтті. Ұшқыш болу үшін физикалық тұрғыдан мығым болуың шарт. Сонымен қатар, физика, математика секілді нақты ғылымдарды білген жөн, – дейді кейіпкеріміз.

Курсант кезі тек білімді жетілдірумен, көк аспанды ұшақпен бағындырумен шектелмеді. Осы оқу орында жүріп Шынарай есімді жас арудың жүрегін де бағындырыпты. Сол жылы танысқан екі жас бүгінде отбасын құрып, төрт бала тәрбиелеуде. Ал кейіпкеріміз оқудан кейін өзінің әскери қызметін Ұлттық ұлан қатарынан бастады. Бүгінде 3656 әскери бөлімінің авиациялық жасағы кемесінің командирі.






Айтып өту керек, кейіпкеріміз жуырда тағы бір әскери тапсырманы сәтті орындады. ҚР Ұлттық ұланының бортымен Ауғанстанға гуманитарлық көмекті сәтті жеткізді. Естеріңізде болса, қазақстандық әскерилер мен құтқарушылар Ауғанстан Ислам Әмірлігіндегі жойқын жер сілкінісінің салдарын жоюға көмек көрсеткен еді.

Майор Құрманғали Топанов бастаған экипаж 1300 шақырым әуе кеңістігін ұшып өтіп, Герат провинциясына медициналық бұйымдар мен дәрі-дәрмек аппараттары, сондай-ақ шатырлар түріндегі гуманитарлық жүкті жеткізді.

Герат провинциясының билігі қазақстандық ұландықтарға гуманитарлық жүктерді жедел жеткізгені және ауған халқына қиын уақытта қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірді.

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа және қазақ еліне апаттан зардап шеккен ауған халқына көмек көрсеткендері үшін алғыс айтамын. Гуманитарлық көмек, сонымен қатар, Өзбекстан, Араб Әмірліктері мен Түркия Республикасынан да келді, – деді Ауған халқының атынан Абдул Сатар.

Ал, кейіпкеріміз майор Құрманғали Топанов болса мұны қалыпты қызметке балайды. «Менің орнымда болса, кез келген әскери қызметші осындай ерлік жасайтынына кәміл сенемін. Өйткені, Ұлттық ұлан әскері халыққа бірінші болып көмек қолын созатын әскер түрі», – дейді ол.




Ішкі әскерлердің бұрынғы қолбасшысы, ұстазым генерал-полковник Қайырбек Шошанұлы Сүлейменов «Халық Қаһарманы» атағымен марапатталғанын, сондай-ақ, біз Ұлттық ұлан қатарында «Халық Қаһарманы» генерал-майор Қайрат Үмбетов қызмет ететінін мақтанышпен айтамыз. Ал ІІІ дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталған Ербол Отарбаевқа «Алтыншы бекет» атауымен көркем фильм арналған. Ақтөбеде қылмыскерлермен ұрыс кезінде жараланған сарбаздар бүгінде келісімшарт бойынша қызмет етеді. Олардың біреуі Сырым Сүндет офицер болды. Қуаныштысы сол, біздің әскери қызметкерлер өздерінің жауынгерлік міндетін абыроймен атқарып, адам өмірін құтқарып, өз жанын қауіпке тігуге жауынгерлік тапсырмаларды орындайды.

Бүгінде Ұлттық ұлан – құқықтық тәртіп пен ішкі тұрақтылықтың мызғымас тірегі, ел азаматтарының қауіпсіздігінің кепілі. Құқықтық тәртіп әскерлерінің барлық әскери қызметшілеріне халқымыздың қауіпсіздігі мен әл-ауқаты жолындағы мінсіз қызмет атқарып келеді. Ал, майор Құрманғали Топанов болса, сол ерлік дәстүрін жалғастырушы, айбынды жауынгерлердің қатарын толықтырған әскери қызметші.

**Подполковник**
**Дарын СЕЙІТОВ**

# ВЕРЕН СВОЕЙ ПРОФЕССИИ



**Профессия педагога была и остается самой почетной, но в то же время одной из самых тяжелых, требующая от человека педагогического таланта, самоотдачи и безграничной преданности избранному делу, а главное – чуткости и терпения. Именно эти качества всегда были присущи лучшим представителям отечественного преподавательского корпуса.**

Настоящий педагог – это человек, который любит свою работу и способен не только передать знания, умения и навыки, но и наделенный чувством ответственности.

Именно таким является подполковник Куандык Малдыбаев – старший преподаватель кафедры военной педагогики и психологии Академии Национальной гвардии Республики Казахстан.

Куандык Бекбауович принадлежит к числу тех педагогов, которые совмещают в себе огромный преподавательский опыт, громадный объем знаний и по-настоящему творческое, душевное отношение к самому процессу обучения будущих офицеров.

Родом подполковник Куандык Малдыбаев из села Даубаба Тюлькубасского района Южно-Казахстанской области. Вырос он в многодетной семье, где родители были примером трудолюбия и ответственности. Сомнений при выборе профессии у него не возникли. Еще со школьной скамьи он всегда мечтал носить военную форму. Через годы детская мечта привела его в Военный институт Пограничной службы КНБ РК (ныне Пограничная Академия) в городе Алматы, которую он окончил в 2004 году.

После окончания военно-учебного заведения Куандык Бекбауович проходил службу на различных должностях: начиная от командира взвода до заместителя командира полка по воспитательной и социально-правовой работе.

Свой офицерский путь он начал в 2004 году попав по распределению в воинскую часть 6506 (г. Шымкент), где был назначен командиром 3 взвода 9 роты оперативного назначения. Здесь его первым командиром и наставником, примерам которого он следовал стал майор Сакентай Шекарбеков (ныне командующий региональным командованием «Орталық», генерал-майор). Именно под его руководством молодой офицер начал свое становление в войсках.

За свою карьеру наш герой также проходил службу в воинских частях 6654 (Каракемер), 5570 (Астана), 6697 (Костанай) и 5516 (Темиртау) Национальной гвардии. С 2011 по 2013 годы проходил обучение в Национальном университете обороны МО РК, где получил специальность «Управление воспитательным и со-








циально-правовым процессом». Назначение на любые должности он воспринимал как приказ, и беспрекословно, не ссылаясь на личные и семейные проблемы, следовал к новому месту службы, сразу же вникая в работу и полностью отдавая ей все свои знания, умения и опыт.

В Академии Национальной гвардии Куандык Бекбауович с 2018 года. Он преподает будущим офицерам такие дисциплины как: «Информационно-воспитательная работа и культурно-досуговые мероприятия», «воспитательная и социально-правовая работа при СБЗ» и «Основы журналистики».

Курсанты в своем преподавателе ценят не только профессиональные качества. Но и его личность, ведь Куандык Бекбауович уверенный в себе, целеустремленный, успешный человек, разбирающийся не только в своей узкой профессиональной сфере, но эрудированный и начитанный, - это объект для подражания, символ ценности знаний. Добродушное отношение к курсантам, принципиальность, честность, умение точно и в срок выполнять приказы вышестоящего руководства, стремление к самообразованию являются отличительными чертами подполковника Малдыбаева среди сослуживцев.

Следует отметить, что за годы военной службы наш герой добился немалых успехов. Будучи заместителем командира роты в воинской части 6654 (с. Каракемер), он занял 1 место в войсковом конкурсе на звание «Лучшего заместителя командира роты по воспитательной и социально-правовой работе» в Национальной гвардии в 2009 году. Здесь же ему было присвоено очередное воинское звание «капитан» досрочно.

В текущем году в Академии Национальной гвардии был проведен конкурс на звание «Лучшего преподавателя года», по итогам которого он также удостоился 1 места.

Помимо преподавательской деятельности Куандык Бекбауович сегодня вместе с будущими офицерами занимается научной деятельностью. В этом году под его руководством научная работа курсантов 4 курса на тему «Работа актива при служебно-боевых задачах. Разработка жилета агитатора» заняла 1 место среди вузов МВД Казахстана. К слову, он сам является автором 16 учебно-методических и учебных пособий, а также более 50 научных статей.

Кроме того, Куандык Бекбауович прекрасный семьянин, вместе с супругой Саидой воспитывают троих детей: сыновей Иманали и Нур-Мухамеда и дочку Амину. Семейная пара живет в браке уже 10 лет. Они стараются воспитывать своих детей в духе патриотизма. По их словам, основа патриотизма – знание истории своей страны, а также важно на собственном примере прививать в молодом поколении любовь к родине.

**Старший лейтенант**
**Олжас АДИЛЬБЕК,**
**г. Петропавловск**



# АРМАНЫ ОРЫНДАЛҒАН АЗАМАТ

**Әскери қызмет – әрбір ер-азаматтың Отан алдындағы парызы. Біздің елімізде ерлік пен әскери қызмет қарапайым халық арасында ерекше құрметке ие. Отанымыздың тәуелсіздігін, қоғамның тыныштығы мен әл-ауқатын қорғау ерекше абырой мен зор сенімді талап етеді. Ғасырлар бойы біздің халқымызда «Отан қорғаушы» сөзі адамгершілік мағынасында құрмет пен қасиетті иеленіп келеді. Отан қорғаушылар бойында патриотизм мен халқына адал қызмет ету қасиеттері кеңінен таралған. Себебі елдегі тыныштықты сақтау олардың бойларына туа біткен дарын десек те болады. Ал сол қоғамның тыныштығын сақтау үшін еліміздің әрбір өңірінде арнайы жасақтар қызмет етуде. Осы орайда, Орал қаласындағы 5517 әскери бөлімінің жедел мақсаттағы батальонының бірінші рота командирі капитан Мақсат Қуанышевпен сұхбаттасқан болатынбыз.**

***– Мақсат Байларұлы, оқырмандарға өзіңіз жайлы ақпарат бере кетсеңіз...***

– Мен 1994 жылы 2 шілдеде Түркістан облысы Леңгір қаласында дүниеге келгенмін. Отбасында үш ағайындымыз, мен ортаншысымын. Алдымда арқа сүйер ағам, маған қарап бой түзейтін інім бар. Әкем әскери адам, ал анам үй шаруасындағы жан болатын. Мен Леңгір қаласында мектепке барып, 2012 жылы сол мектептің түлегі атандым. Қазіргі уақытта Орал қаласында әскери қызметте жедел мақсаттағы батальонның бірінші рота командирі болып қызмет атқарамын. Сонымен қатар өзім бір ұл бір қыздың әкесімін. Жалпы бала кезімнен әскери отбасынан шыққан соң, әкемнің жолын қуып, әскери сала маманы болғым келді. Аллаға шүкір, осы саланың маманы болу маған да бұйырды.

***– Әскери адам болуды бала кезден армандап, сол арманыңызды жүзеге асыру үшін қандай жолды жүріп өттіңіз?***

– Мен 2013 жылы Семей қаласына Отан алдындағы борышымды өтеу үшін 5511 әскери бөліміне шақырылған болатынмын. Әскерде жүрген кезімде радиотелефонист болып қызмет атқардым. Сонымен қатар әскерде әскери мамандыққа деген махаббатым арта түсіп, 2014-2018 жылдар арасында арнайы Ұлттық ұлан Академиясында оқыдым. Академияда оқып жүрген шағымда 2016-2017-2018 жылдары Қазақстан Республикасының әскери қызметкерлері арасында өткен радиотелефония бағыты бойынша жарысқа қатысып үш жыл қатарынан жүлделі 1- орынды иеленген болатынмын. Ұлттық ұлан Академиясын аяқтаған соң Орал қаласына 5517 әскери бөлімінің 1 рота 3 взвод атқыштар ротасының командирі болып тағайындалдым. Атқыштар ротасында 3 жыл взвод командирі





болып, 2022 жылы 28 қыркүйегінде бірінші жедел мақсаттағы ротаның командирі болып тағайындалдым. Сол сәттен бастап өз қызметімді рота командирі лауазымында атқарып келемін.

***– Осы жедел мақсаттағы ротаның құрамы мен негізгі қызметі туралы айтсаңыз?***

– Менің ротамда 90-ға жуық әскери қызметшілер қызмет атқарады. Оның ішінде офицерлер, келісімшарт бойынша әскери қызметшілер, және сарбаздар бар. Ал ротаның негізгі міндетіне келетін болсақ, жалпы айтқанда еліміздің әрбір өңіріндегі жедел мақсаттағы роталардың негізгі қызметі бірдей. Ал, біздің жедел мақсаттағы ротаның негізгі екі қызметі бар. Атап айтқанда бірінші қызметі Орал қаласындағы қоғамдық тәртіпті күзету қызметін атқаратын болса, екінші қызмет әскери бөлімнің қорғанысына жауапты кезекші бөлімше қызметін атқарады. Бұл қызмет негізінен жедел мақсаттағы ротаның ішкі қызметіне жатады.

***– Осы қызметтерді атқару барысында, ротаның ішінен ерекше көзіңізге түскен жауынгерлер бар ма? Олар сіздің көзіңізге қандай қасиеттерімен түсті?***

– Жедел мақсаттағы ротаның командирі қызметінде жүргеніме бір жылға жуық уақыт болса да, менің басшылығымдағы рота құрамында әрбір бағытта өздерін көрсете білетін жауынгерлер көп. Жалпы атыс каруынан ату бағыты бойынша атап өтер болсам, қатардағы жауынгер Ибраһим Кенже өзінің «ПКМ Пулемет» қаруынан ату дағдылары бойынша көзге түсті. Сонымен қатар қатардағы Серікбай Мирас «СВД» қаруынан ату бойынша ерекше танылды. Ал «РПГ» қаруы бойынша, ерекше көзге түскен қатардағы жауынгер Кеңесбек Саят. Қызмет барысында спорт бағыты бойынша ерекше көзіме түсіп өзін жақсы жағынан көрсеткен самбо күресінің белдесушісі Бақытжол Рауан. Жауынгерлік қызметті атқару кезінде қырағылық танытқан сарбаздарымыз да жетерлік.

***– Рота командирі болып бір жылға жуық қызмет атқарып келеді екенсіз. Осы уақыт аралығында сіздің басыңыздан өткен қызықты және қиындық тудырған сәттерді айтып өтсеңіз?***

– Жұмыс барысында ең қиындық тудыратын сәттер болды. Бірақ жалпы ең қиыны, ол мен үшін жеке өмірге деген уақыттын болмауы. Себебі әскери сала, әскери қызмет болғандықтан бұл мәселе қиындық тудырары анық. Ал қызмет барысында жеке тәжірбиемнің аз болуына байланысты бірнеше қиыншылықтар көрген болатынмын. Әрине, тәжірибе деген уақыт өте келе қалыптасатын процесс болғандықтан, қазіргі кезде басымнан өткен қиыншылықтарға күле қараймын десем де болады. Мен үшін бұл қызметтегі қызықты сәттерге келер болсам, жеке құраммен жауынгерлік қызметке дайындалу мен үшін ең қызық сәтке жатады.

***– Сіздің басшылығыңыздағы рота құрамында әрбір бағытқа икемі бар жауынгерлер бар екенің байқадық. Бұл жетістіктерге жету үшін арнайы құрылған күн тәртібі бар деп ойлаймыз. Сіздің ротаныздың қазіргі күн тәртібі қалай?***

– Біздің ротаның күн тәртібі өте тығыз болып келеді. Қатардағы жауынгерлер барлығы таңғы сағат 6 да ұйқысынан оятылады. Ұйқыдан тұруынан бастап арнайы денсаулыққа пайдалы жаттығулар жасап, жуынып реттеліп 7:30 да таңғы астарын ішеді. Таңғы ас уақыты біткен кезден бастап жауынгерлерге арнайы саптық дайындық, қорғаныс құралдары, ату қаруы бойынша дайындық жүргізіледі. Барлық дайындықтар өз мәресіне жеткен кезде жауынгерлер оқу процесстеріне таратылады. Жауынгерлердің арнайы оқу сабақтары аяқталған соң, оларға 10 минут көлемінде арнайы жеке қажеттіліктері үшін уақыт беріледі. Жеке қажеттіліктер үшін берілетін уақыт, бір күн тәртібінде бірнеше рет қайталанады. Ал 13:00 де 1 сағат көлемінде жауынгерлермен арнайы тәрбиелік жұмыстар жүргізіледі. Тәрбиелік жұмыстарды сәтті аяқтаған соң түскі асқа кезек келеді. Ас ішу процесі аяқталған сәтте, жауынгерлерге қару жарақтарына күтім көрсетуге арнайы уақыт бөлінеді. Сонымен қатар жауынгерлерді физикалық тұрғы-

да дайындау үшін арнайы спорт сағаты да өтеді. Барлық шаралар аяқталған кезде, жеке құрамның тазалығын сақтау үшін, 1 сағат көлемінде тазалық процедурасы жүргізіледі. Тазалық процедурасы аяқталған соң, жауынгерлерге кешкі ас беріліп, ақпараттармен қамтамасыз ету мақсатында, арнайы жаңалықтар көрсетілімі жүргізіледі. Барлық іс-шара өз мәресіне жеткен соң, жауынгерлер кешкі серуенге шығып, сағат 22:00-де ұйқыға бас қояды. Біздің ротаның күн тәртібі тығыз болғанмен де, жауынгерлер үшін барлық жағдайлар жасалған.

***– Қазіргі уақытта басшылықтан сіздерге келіп түскен тапсырмалар легі қандай?***

– Ең негізгі және ең ауыр тапсырма ретінде алдағы келе жатқан инспекторлық тексеріске дайындалу. Себебі бұл инспекторлық тексеріс 4 жылда бір рет келетін тексеріс болғандықтан, менің арнайы жеке құрамым ғана емес біздің әскери бөлімше басшылығы да бұл тапсырмаға аса үлкен зейін қойып отыр.

***– Ал инспекторлық тексеріске дайындықтарыңыз қалай?***

– Дайындық барынша жоғары деңгейде жүргізіліп келеді. Бірінші жедел мақсаттағы рота, өзіне өте жоғары жауынгерлік міндеттемелерді қабылдаған болатын. Осыған орай, дайындық барысында тек теориялық емес практикалық бағытта да жұмыс атқарылуда. Теориялық бағытта мемлекеттік құқық және Ұлттық ұланның тактикалық, жауынгерлік қызметі бойынша дайындық ұйымдастырылуда. Ал, практикалық бағытқа келер болсақ, дене шынықтыру мен штаттық қарудан ату жаттығуларын да шыңдаудамыз.

***– Сіздің ротаңыздың қызметі мен алға қойған жоспарларымен толықтай танысып білдік. Жалпы рота командирі болу қиын жұмыстардың бірі, осындай жедел мақсаттағы ротаны басқару әрбір адамның қолынан келе бермейтін шаруа. Енді өзіңіздің алға қойған мақсаттарыңызбен бөліссеңіз?***

– Бұл менің еңбек жолымның соңы деп ойламаймын. Алланың қалауымен бұдан да биік белестерді бағындыру менің негізгі мақсатым. Алдағы уақытта келе жатқан инспекторлық тексерісті рота жеке құрамымен бірігіп абыроймен алып шығуды жоспарлап отырмыз. Бұл жоспарымның орындалатынына мен нық сенемін. Себебі мендегі жауынгерлер әрбір бағытта өздерінің мықтылығын көрсете білген.

Бүгінгі сұхбатымыздың кейіпкері, әскери саланы бар тәнімен сүйетін, білікті де, білімді жан. Әскери өмірдің қиыншылығы мен қызығын бірдей татып жүрсе де биік белестерді бағындыра білген екен. Әскери сала әрдайым ең қиын салалардың бірі болып саналады. Бұл әрбір адамның қолынан келе бермейтін іс. Ал Орал қаласындағы 5517 әскери бөлімнің рота командирі капитан Қуанышев Мақсат Байларұлын сол майталмандардың қатарына жатқыза отырып, алдағы қызығы мен шыжығы мол әскери қызметіне табыс тілейміз.

**Капитан**
**Ертұған ӘУБӘКІР,**
**Орал қаласы**



# «СӨЙЛЕ, ДОМБЫРАМ СЕРІГІМ!»

**Күй өнері қазақ халқының құнды мұраларының бірі. Домбыра шанағынан саулаған күйдің тілі тыңдаушының ішкі жаратылысын түпсіз терең тұңғиық сезіміне бойлап әкетеді. Күй тілі бірде бозамық тартқан бозаң дала қойнауына үңіліп, бордай жұқарған ақсөңке сүйектерді сөйлетіп, тарих шыңырауына құлдырата жөнелсе, ал бірде сұңқылдаған аққулар қонған айдын көл жағасындағы көкмайса шалғында жосылған бір үйір жылқы дүбірін көз алдыңа әкеледі. Халқымыздың рухани қазынасының жарқырап, одан әрі шартараптана түсуі күй құдіретін жүрегіне ұялата білген күйші қауымға байланысты. Ұлттық ұлан қатарында жүріп, ұлттық өнердің насихатталуына өзіндік үлес қосып жүрген Никита Дяченко өз болашағын күй әлемімен сабақтастырады. «Шығыс» өңірлік қолбасшылығына қарасты 5518 әскери бөлімінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету ротасының маман-операторы қатардағы жауынгер бүгінгі біздің кейіпкер.**

***– Никита, домбыраны жаныңа қашаннан серік еттің?***

– Менің домбыра аспабына деген әуестігім бала кезімнен оянды. Шамамен алты-жеті жасар баламын. Көлікте келе жатып, радиодан домбыра күмбірін тыңдап қалдым. Аспаптың дауысы менің бойымды әп-сәтте баурап алды. Алайда орындалып жатқан шығарманың қандай музыкалық аспаптан шыққандығын білмей дал болдым. Әкемнен бұл қазақтың домбыра аспабы екендігін сұрап білген соң, қызығушылығым одан сайын арта түсті. Алайда, ата-анамнан домбыра алып беруін өтінгенде, маған қажеттілігі жоқ екендігін түсіндірді. Бірақ, менің бұл аспапқа деген аңсарым толастамаса, кемімеді. Сол бір қос ішекті ойнап көруге деген ыждағаттылық күн сайын ұлғая бергені соншалық, домбыра тәріздес музыкалық аспап жасауға кірісіп кеттім. Үйдегі сынық үстелдің бір аяғын бөліп алып, таяқтың екі ұшына шеге қағып, шегеге жіп байладым. Осылайша, өзімнің алғашқы домбырама қол жеткіздім. Өкінішке қарай, қолдан жасаған бұл аспаптан радиодан естілген дауыс шықпады. Алайда көлік ішінде орындалған домбыра күмбірі менің құлағымнан кетпейтінді шығарды. Менің музыкалық аспапқа деген қызығушылығымның алабөтен екендігін ата-анам бұл әрекетімнен кейін ұғынғандай. Алғаш мектеп табалдырығын аттап жатқан маған әке-шешем былай шарт қойды: Егер мен алғашқы тоқсанды кілең бестікпен аяқтасам, домбыра алып беруге уәде берді. Ата-анамнан мұндай ұсынысты естігенде бойымды шаттық кернеп, қуаныштан жарыла жаздадым.

Сірә, сол сәтте өзімді әлемдегі ең бақытты адамдар қатарына жатқызған шығармын.

***– Сонымен домбыра үшін сабақтағы үлгеріміңді өзгерте алдың ба?***

– Әрине, сол күннен бастап үйге берілген тапсырманы тиянақтылықпен орындап, озат атану үшін барлық күш-жігерімді жұмса-





дым. Күнделігіме қойылған әрбір бестік баға менің домбыраға жету жолымды жақындата түскендей көрінді. Мектептен қайтқан тұста сыныптастарым сияқты ойын ойнамай, үйге қарай асығатынмын. Арқама асынған сөмкемді аша сала, сабақ қарайтын бөлмеге ұмтылу дағдыға айналып кетті. Үй тапсырмасын орындап, шаршаған тұста жіп байланған ағашты қолыма алып, бір мезет қиялға ерік беріп, өзімше дыңғырлатқандай болатынмын. Менің домбыра үшін әбігерге түскен кескін-келбетімді көрген ата-анам іштей ырза болып, күлімсіреп қарап өтетін. Қазір сол бір балалық көріністі есіме алсам өзімнің де езуіме күлкі оралады. (жымиып) Күндердің күні ұйықтап жатқан мені домбыра күмбірі оятып жіберді. Тұп-тура кеше болғандай әлі есімде сол таң. Ұйқылы-ояу жатырмын. Түсім бе? Өңім бе? Білмеймін. Әйтеуір, домбыра күмбірі құлағыма алғашында талып жетіп, кейін үдей түскені. Көзімді ашып қалып едім, домбыра күмбірі үзілген жоқ. Әлі де естіліп тұр. Төсектен лезде тұрып, төрдегі бөлмеге жүгіре жөнелдім. Мен сол сәтте қолына домбыра ұстаған әкемнің бір күйді құйқылжата орындап жатқандығына куә болдым. Әкемнің туған күн, отбасылық мерекелерде баян ойнайтындығын көріп өскен мен домбыра тілін білетіндігінен бейхабар едім. Табалдырық тұсында аңтарылып тұрған мені көрген ол маған қарай жақындап, қолындағы домбырасын ұсынды. «Бұл сенікі» деген дауысын естір-естіместен, домбыраны қапсыра құшақтап алыппын. Міне, сол уақыттан бастап мен домбырадан айырылған емеспін. Қайда жүрсем де өзіммен бірге алып жүремін.

***– Домбырада ойнауды әкеңнен үйренген боларсың?***

– Менің әкем музыкамен әуесқой түрде айналысты. Әмбе, күйден бұрын домбырамен дәстүрлі әндерді орындайтын. Ұлттық аспапқа деген құлшынысымның жоғары екендігін аңғарған ол мені жергілікті музыкалық мектепке жетелеп алып барды. Міне, мен күй ойнауды осы бір өнер ордасынан меңгердім. Өнер ордасында қазақ музыкасының ұлттық тілін рухани феномен дәрежесіне көтерген Құрманғазы, Дәулеткерей, Қазанғап, Тәттімбет, Абыл, Сүгір атты күй саңлақтарының шығармаларымен таныс болдым. Құймақұлақтылығымнан ба білмеймін, әйтеуір, күй сабағында ұс таздың музыкалық туындыны бір көрсетіп жібергеннен кейін лезде іліп ала жөнелетінмін. Музыкалық мектепте елу шақты күй үйреніп, облыстық, республикалық байқауларда топ жардым. Атап айтсақ, 2016 жылы Астана қаласында өткен «Нұрлы жастар» республикалық ән-күй фестивалінде бірінші орынды жеңіп алдым. Мен бұл жетістіктермен тоқтаған жоқпын. Қаскелең қалалық ардагерлер хорының дирежеры ұстазым Нұрхан Нұрғалиқызының жетекшілігінде күй әлемінің қыр-сырын жетік меңгеруде барымды салдым. Жетекші күй өнері қазақ халқының тарихының бір бөлшегі екендігін ерекше атап өтетін. Күй өнері мен салт-дәстүрді қоғамдық өмірді реттеп отыратын құнды да қасиетті мұра екендігін әрдайым алға тартатын. Расымен де қазақ халқы күй өнерін ерекше кие тұтып, күйшісін айрықша қастерлейді. Өйткені ел рухының асқақтығын, ойының кемелдігін, пейілінің кеңдігін күй арқылы сезінген. Біздің үйдің төрінде де күй құдіретінің қайнар көзі домбыра ілініп тұрады.

***– Сенің сүйікті күйің қайсы?***

– Менің алғашқы үйренген күйім - «Ерке сылқым». Сондықтан бұл күйдің мен үшін орыны бөлек. Музыкалық шығарманың желдірме желісі бірде баяулап, бірде төгіліп орындалады. Керімсал күйді толқи тыңдасаң жүрек түкпірінің қылын шертетін құдды көзге көрінбейтін сиқырға толы құпиясы бардай. Жалпы, әр тыңдарман бұл күйден өз қалауын тауып сезінеді. Мен үшін бұл туындыда махаббат оқиғасы қамтылған. Күйдің орындалу барысында екпіндей түсуі домбыраның сағағына бірден бармай, әуелгі әуенге қайта келуі бозбала мен бойжеткен арасындағы пәкізе сезімнің бүршік жарғандығын баян еткендей. Күй болмысының жаңашыл интонацияларға шығып, жоғары сарында төкпелетіп орындалуы буырқанған телегей теңіздің асау да долы толқынындай сезім шарпуын алдыңа әкеледі. Осыдан кейін шығарма желісі бастапқы ноталарға қайта оралады. Бірақ сол бастапқы әуезден әуелдегідей емес, тезірек төменгі пернелерге түсуі қос ғашық арасындағы махабаттың шарықтау шегін айқындайтындай. Үстіңгі пернедегі нотаға бұрынғыдан бөлектеу тоқтауы – кербез қыздың сыңғырлы күлкісі рәуіштес маған. Негізі әр тыңдарман шығармадан өз қалауын тауып сезінеді. Мысалға менің анама «Көңіл толқыны» ұнайды. Жүрек тебірентетін сарындар мен сүйкімді және мәнерлі әуен динамикалық желіске толы музыкамен сомдалып, философиялық терең толғаныспен кескінделеді. Музыкалық композицияның күрделі жүйесі көлеңкелі өмірдің кесапатты көрінісіндей әсер қалдырады. Кейде екеуара отырғанда осы бір туындыны орындап беруімді сұрайды. Жалпы, күйдің жүрек қылын шертіп өтетін тұсы әрбір тыңдарманға әртүрлі естеліктер қалдырады.

– Яғни, әрбір тыңдаушы күй әлеміне өзінше бойлайтын болар?

– Күй өнерінің құдіреттілігі оның терең тарихында. Тыңдаушы тарих қойнауына бір уақ шомып кетіп, күй болмысының бір оқиғаны баяндап тұрғандығын, оқиғаның бастапқы бөлімімен шарықтау шегі арасындағы мелизмнің әрбір сатысын сезіну қажет. Немесе кейбір туынды зұлымдық пен мейірім арасындағы шексіз шайқастың көрінісін көз алдыңа келтіреді. Өнердің неғұрлым көне түрі саналатын күй өнері шығармашылығы әрбір халықтың рухани мәдениеті тарихында оның адамгершілік және эстетикалық тағылымында айтарлықтай орын алады. Өйткені, күй шығармасы поэзия, яки проза болсын, музыканың табиғи тұтастығын бір композицияға жиынтықтай алатын мүмкіндікке ие. Ұлттық музыка өлкесіне қарышты қадам жасағандықтан болар күй шығару өнерін игергенім бар. Тұла бойымнан мұндай қабілеттің пайда болғаны алғашында мені

түршіктіріп жіберетін. Тырнақалды туындыма «Тұлпар» деп ат қойдым. Жүрекжарды шығарманың шығу тарихына мына оқиға түрткі болды. Әкем мені аймақта ұйымдастырылған ат жарыстарынан еш қалдырған емес. Көмбеден суырыла шығып, сайысқа түскен аттарды шаң қаптырып кететін қазанаттардың шабысын көргенде делебем қозатын. Сол сәтте менің көңіл пернемде бір тылсым күш оянып, мені домбыраға қарай жетелей түсті. Міне, осы бір тылсым күш бастапқыда жанымды түршіктірді. Өйткені, құдды менің саусақтарымды біреу басқарып отырғандай, домбыра шанағынан күй саулай жөнелетін. Мен тек ағыл-тегіл орындалып жатқан күйді ұмытып қалмас үшін, жадыма сақтай беретінмін. Осылайша, тұлпардың шабысындай ырғақты, ойнақы күй шығардым. Әуезді әуен ырғағында домбыра шанағынан төгілген күй шартарапқа әуелегендей әсер қалдырады маған. Келесі туындым «Сұңқардың самғауы» деп аталады. Анам екеуіміз Алатау бөктерін саяхаттап жүргендегі көрініс тағы бір күйдің өмірге келуіне себепші болды. Аспанда қанатын еркімен жайып, ауаны «сызып» ұшып жүрген алып құс назарыма ілінді. Көкте қанатын жайып, қалықтап жүрген жыртқыш құстың төмендегі жемтігіне қарай құлдырай самғауына анаммен бірге куә болдық. Небары бір-екі секундық көрініс менің жадымда сақталып қалды. Жерге қарай жұлдыздай аққан құстың өзін басқару икемділігінен айырылмай, олжасын іліп әкеткеніне тәнті болдым. Күйдің бастапқы бөлімі баяу басталады. Бұл сәтте құс қанатын керіп, көкте қалықтап, иен даладағы аң-құсты торуылдап жүргендігін аңғаруға болады. Бәсең ырғақты, созыңқы әуен шорт үзіліп, төкпелей жөнеледі. Бұл жыртқыш құстың төмендегі жемтігіне қарай құлдилап төмен сорғалауын паш етеді.

***– Қазір ше? Әскерде жүріп «туған жерге деген сағыныш» деген сынды күйлер шығарған боларсың?***

– Жоқ, қазіргі уақытта күй шығарып жүргенім жоқ. Күй әлемі күйшіден аса зор тебіреніс пен жалғыздықты талап етеді. Қазіргі кезде әскери бөлімде аталып өтетін мерекелік-іс шараларда домбырамен күй ойнап беріп, өнерімді көрсетудемін. Қазақта «семсер болсаң, сертіңе сай кесе біл» деген жанды сөз бар. Сондықтан сапта жүрген соң антыма адал, сертіме берік болуым шарт. Сол үшін Отан қорғауда тастай берік алынбас қамалға айналу жолында жүрекжұтқан батырлардай шынығудамыз. Дегенмен, қашықта жүрген соң сағыныш сезімі болады, әрине. Алайда, әскери бөлімде әрдайым ата-анамен етене қарым-қатынас жасап, тығыз хабар алмасуға мүмкіндік жасалған. Сондықтан ауыл-аймаққа уайымдап, көңілге кірбің келтірген сауалдар туындаған жағдайда бейнебайланыс арқылы да жүздесудің сәті түсіп отырады. Осы орайда, сарбаздардың ет-жақын, туыс-туғандарымен үнемі байланыста болуына ықпал еткен әскери бөлім командиріне ризашылығымды білдіргім келеді. Жалпы, сағынышымды басатын күн де алыс емес. Бұйырса, Отан алдындағы борышымды абыройлы аяқтап, небары отыз күннен кейін үйіме ораламын.

***– Қарулас достарыңыздың арасында өзіңдей өнерлі жандар бар ма?***

– Иә. Біздің ротада сарбаздардың біразы жанына спортты серік еткен жігіттер құрайды. Бірақ мерзімді әскери қызметке Алматы қаласынан шақыртылған өнерлі жан бар. Қаруластың жауынгерлік қызметтен тыс уақытта орындаған әні құлақ құрышын қандырып, көңіл пернелерін қозғамай өтпейді. Жалпы, әскери бөлім топ жарған таланттардан кенде емес деп айтуға толықтай аузым барады. Алайда әрбір дарын иесі Отан алдындағы азаматтық парызын өтеуді жоғары қояды. Өйткені бұл – әрбір жігіттің азаматтық парызы.

***– Домбырадан өзге қандай аспаптарда ойнай аласың?***

– Мен өнерлілер тоғысқан жанұяда өмірге келдім. Менің анам өлең шығарады. Бүгінге дейін біраз өлеңдері әр түрлі баспаларда жарияланып, бірқатар жыр жинақтары жарық көрген. Ал әпкем болса пианино үйірмесіне қатысады. Зауқы соққанда маған да үйретеді. Жоғары да айтқандай әкем де той-томалақта баянмен ән айтып, кез келген орта көркін қыздыратын. Сондықтан ауық-ауық баянның да кейбір музыка қайырымдарын үйренгенім бар. Дегенмен домбырадан кейінгі сүйікті аспабым ол – гитара.

***– Таяу күнде мерзімді әскери қызметіңді аяқтайды екенсің. Алға қойған жоспарыңмен бөліссең.***

– Ертеңгі уақытта күйшілік өнерді әрімен қарай дамыту барысында ілкімді істерге көшемін. Өзім шығарған күйлердің авторлық құқығын бекітіп, ұлттық музыка саласының қолданысына енгізгім келеді. Осылайша, қазақ рухының асқақтығын, ойының кемелдігін, пейілінің кеңдігін құлашына сыйдырған күй әлеміне теңізге тамған тамшыдай өз үлесімді қосқым келеді. Ұлт мәдениетінің арғы-бергі тарихын зерттеп, жауһар күйлерімізді бүгінгі жас толқынның кәдесіне жарату және оның әлемдік деңгейде насихаттау мақсатында қарышты қадамдар жасау қажет. Себебі күй өнері көне замандардан бүгінге дейін халқымызбен бірге жасасып келе жатқан ең киелі де қастерлі өнегелі өнер.

***– Әңгімеңе көп рахмет!***

**Сержант**
**Рүстем МҰХАМЕТ-РАҚЫМ,**
**Өскемен қаласы**




Сіздің Ұлттық ұлан жайлы журналыңыз